

Беркинбаева Гульзат Онгарбековнаның «Қазақ тілін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбындағы 6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысына
п.ғ. д, доцент Дәулетбекова Жанат Тұрарбекқызының берген

ШКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Ел егемендігін алып, демократия кең өрістей бастаған қоғамда, әлемдік қауымдастыққа ұмтылып, бәсекелестік өмір сүрудің басты шартына айналған бүгінгі өзгермелі дүние жағдайында адамның мәні мен әлеуметтік рөлі жаңа сипатқа ие болып отыр. Бәсекелестікке бейімділік адамның жинаған білім қорымен өлшенбейді, алған білімін өмір сүрудің, өзін-өзі дәлелдеудің, өзгелермен тіл табыса әрекет етудің құралы ретінде қолдана білуінен көрінеді. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап-ақ Қазақстанның білім жүйесін реформалауда оқушының дара тұлғалық қабілеттерін дамыту проблемасы күн тәртібіне қойылды. Бұл оқушының сөйлеу дағдыларын сөз мәдениеті негізінде жетілдіру арқылы мүмкін болады. Сондықтан да сөз мәдениетін меңгертуді қазақ тілі пәнін бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұраныммен сәйкестендірудің басты шарты ретінде ғылыми-әдістемелік тұрғыдан зерделеу маңызды мәселе болып табылады. Қоғам қандай ортада болсын өз ойын, көзқарасын еркін әрі мәдениетті түрде жеткізе алатын, өзгелермен дұрыс тіл табыса білетін, өзгермелі дүние жағдайында өздігінен шешім жасай алатын алғыр да білікті тұлғаларды қажет етіп отыр. Мұндай өмірлік дағдылар қазақ тілі пәнінде оқушыға сөз мәдениетіне қатысты білім мен біліктерді меңгерту нәтижесінде ғана қалыптасары сөзсіз. Бұл қазақ тілі сабақтарында сөз мәдениетін меңгертудің жолдарын ғылыми негіздеу білім беру жүйесін реформалау талаптарымен де ұштасып жатқанын көрсетеді. Сол себепті зерттеуші Г.Беркинбаева диалогтік сөз мәдениетін арнайы таңдау пәні ретінде оқытуды зерттеу нысаны етіп алып, оны ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жан-жақты талдап, өз тұжырымдарын диссертация түрінде рәсімдеп отыр. Таңдау пәнінің білім мазмұнында тек тілдік білімдер ғана емес, диалогтік тілдесім заңдылықтарына қатысты қағидалар, оның бүгінгі қолданыс аясына лайық, болашақ өмірлік дағдыларына айналуы тиіс, сөз шеберлігіне үйрететін сөйлеу біліктіліктері қамтылған. Сондықтан оқушылар өздерінің қай бағытты таңдағанына қарамастан, болашақ өміріне қажетті өмірлік дағдыларды меңгеруге мүдделілік танытатыны даусыз. Зерттеу нәтижелерінің, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар тізбегі, зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығымен анықталды

оқушыларының психологиялық ерекшеліктері қоғамдық-әлеуметтік өзгерістермен байланыста ашылып, заманауи білім беру жүйесінде осы ерекшеліктерді ескере отырып, олардың тілдесім мәдениетін арттырудың ұстанымдары мен инновациялық әдістері анықталған.

«Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі» атты екінші тарау ағымдағы оқу үдерісіндегі нормативтік-базалық құжаттардағы және оқулықтардағы диалогтік сөз мәдениетін меңгертудің қазіргі жайына талдау жасаудан басталады. Зерттеуші әрбір бағыттағы оқулықтарға толық талдау жасай отырып, әр оқулықтағы диалогтік сөз мәдениетіне баулуға арналған тапсырмаларды жіктеп, пайыздық, керсеткішін анықтаған.

Келесі тараушада зерттеуші өзі жүйелеген интерактивтік сипаттағы алуан түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды ұсынады. Олардың мақсаты мен күтілігін нәтижелерін нақты көрсете отырып, оқушының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыруға қатысты әдістемелік тиімділігін айқындап отырады. Осы материалдарды эксперименттен өткізіп, оның нәтижелерін осы бөлімдегі «Диалогтік сөз мәдениеті түрлерін меңгертудің тәжірибелік эксперименттік жүйесі» деп аталатын арнайы тараушада толық талдап береді.

Диссертант негіздеп ұсынған бұл пән оқушының тіл сабақтарында алған білімдерін ары қарай практикалық тұрғыдан жүйелі жалғастыруға, ана тілінде өз ой-тұжырымдарын диалог тектері мен түрлеріне сай сауатты әрі еркін айтуға, өз мақсатына орай тілдік-қатысымдық дағдыларын жетілдіруге, сөз мәдениеті талабына лайық тілдесім шеберлігін меңгерулеріне мүмкіндік жасауды көздейді.

Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Беркинбаева Гульзат Онгарбековнаның «Қазақ тілін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» атты диссертациялық жұмысының дәлелдемелері сенімді әрі шынайы. Апробациялық материалдары толық. Тақырыпқа сәйкес оқу-әдістемелік құрал әзірленген.

Қорыта айтқанда, Г.О.Беркинбаеваның «6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ тілін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» атты диссертациялық еңбегін өз мақсатын толық жеткен және аяқталған жұмыс болғандықтан, қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:
Қазақстан-Британ
техникалық университетінің
профессоры, п.ғ.д.

Подпись Дәулетбекова Гульзат
Департамент
по развитию персонала



Дәулетбекова Ж.Т.